



Әкімдіктің
2018 жылғы 8 қарашадағы
№ 494 қаулысымен
бекітілген

Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы және кинобейнеқор орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының жарғысы

1. Жалпы ереже

1. Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы және кинобейнеқор орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қарашадағы № 494 Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы» қаулысына сәйкес қайта аталды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъект құқығын, мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Қостанай облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі – басқару органы) Кәсіпорынды басқару бойынша бірқатар міндеттерді жүзеге асыруға уәкілетті етеді.

6. Кәсіпорынның атауы: Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылық және кинобейнеқор орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 111 а-үй.

Әкімдіктің
2018 жылғы 8 қарашадағы
№ 494 қаулысымен
бекітілген

**Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық
көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы және кинобейнеқор
орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
жарғысы**

1. Жалпы ереже

1. Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылығы және кинобейнеқор орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын Қостанай облысы әкімдігінің 2018 жылғы 8 қарашадағы № 494 Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылық орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын қайта атау туралы» қаулысына сәйкес қайта аталды.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қостанай облысының әкімдігі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъект құқығын, мемлекеттік коммуналдық меншік құқығын Қостанай облысының әкімдігі жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қостанай облысының әкімдігі (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) болып табылады.

Жергілікті атқарушы орган «Қостанай облысы әкімдігінің мәдениет басқармасы» мемлекеттік мекемесін (бұдан әрі – басқару органы) Кәсіпорынды басқару бойынша бірқатар міндеттерді жүзеге асыруға уәкілетті етеді.

6. Кәсіпорынның атауы: Қостанай облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Облыстық көркемөнерпаздардың халық шығармашылық және кинобейнеқор орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 110000, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Әл-Фараби даңғылы, 111 а-үй.

2. Кәсіпорынның заңды мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап құрылған болып есептеледі және заңды тұлға құқығына ие болады.

9. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

10. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорынның негізгі міндеті халықтың рухани және эстетикалық сұранысын қанағаттандыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаттары Қазақстан Республикасы халқының мәдениетін жаңғырту, сақтау дамыту және тарату және мәдени құндылықтарды пайдалану, сондай-ақ оларға азаматтарды тартуға бағытталған шараларды қабылдау болып табылады.

14. Кәсіпорын қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

1) халық шығармашылығын және дәстүрлерін сақтау, насихаттау, оларды қазіргі тарихи және әлеуметтік жағдайларға бейімдеу;

2) Қазақстан Республикасында аталатын мерекелерді, концерттерді, өлең және би мерекелерін, презентацияларды, фестивальдерді, байқауларды, айтыстарды, халықтық қолданбалы және бейнелеу өнері көрмелерін ұйымдастыру;

3) практикалық, ақпараттық-әдістемелік жұмыстар ұйымдастыру;

4) мәдени-демалу қызметіндегі және халық шығармашылығындағы озық тәжірибені оқып білу, жинақтау, көпшілікке тарату, оны енгізу және тарату;

5) облыстық, өңірлік, республикалық, халықаралық мерекелер, байқаулар, фестивальдерге қатысу арқылы үздік халық шығармашылығы ұжымдарын насихаттау;

6) ұлттық мәдениетті сақтауға және дамытуға бағытталған мәдени-демалыс қызметі саласында, түрлі мәдени акциялар, бастамалар, инновациялық жобаларды және бағдарламаларды қолдау.

7) киноебейнеқордың сақталуын қамтамасыз ету, кинотастапаларды тексеру және қалпына келтіру.

15. Кәсіпорынға осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға болмайды.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі басқарма органы, не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

17. Кәсіпорын басшысының жарғыдан тыс қызметті жүзеге асыруға бағытталған іс-қимылдары еңбек міндеттерін бұзу болып табылады, тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға әкеп соғады.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Жергілікті атқарушы орган:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітіп береді;

4) Кәсіпорынның мүлкін қолдану туралы, оның ішінде оны кепілдікке, жалға, өтеусіз қолдану және сенімді басқаруға беру туралы шешім қабылдайды;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады;

19. Басқару органы:

1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және жұмыстардың (қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның мүлкін қолдануға және сақтауға бақылауды, даму жоспарларының орындалуына талдауды және бақылауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) және бас (аға) бухгалтерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

6) Жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

7) белгіленген еңбек ақы қоры шегінде Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас (аға) бухгалтерінің сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;

8) Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын белгілейді;

9) оған осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасымен жүктелген басқа да өкілеттіліктерді жүзеге асырады;

20. Кәсіпорынның органы оның басқарушысы болып табылады.

21. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

22. Басқару органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын басшысының жауапкершілігі айқындалады.

23. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапкершілік алады.

24. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапкершілік алады.

25. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

26. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген шегінде Кәсіпорынның мүлкіне иелік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылатын бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;

8) өзінің орынбасарларын, бас бухгалтерін қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін басқару органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынның мүлкі

27. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның балансында көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

28. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

29. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

30. Кәсіпорынның иелігінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

31. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

32. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен меншік құқығын алу үшін Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

33. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекітіп берген сәтінде туындайды.

34. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

35. Кәсіпорынның мүлкіне жедел басқару құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ осы Жарғының 37-тармағында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

36. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жергілікті атқарушы орган басқарушы органның келісімі бойынша Кәсіпорынға бекітілген мүлікті алып қоюға не оны өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

37. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде жергілікті атқарушы орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілейді.

38. Кәсіпорын осы Жарғының 35-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен иелік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

39. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітіп берілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес иелік етеді.

6. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

40. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорын корпоративтік табыс салығы жөніндегі декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейінгі он жұмыс күнінен кешіктірмей таза табыстың бір бөлігін облыстық бюджетке аударуды жүргізеді.

41. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді өз бетінше өткізеді.

42. Кәсіпорын шығаратын және сататын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағасы Басқару органымен белгіленеді

43. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан кәсіпорынға түскен табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

44. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға меншік иесінен алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі

45. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

46. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Кәсіпорынды тарату жағдайларын қоспағанда, осы заңды тұлғаның қалған мүлкін өндіріп алуға жол берілмейді.

47. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

48. Кәсіпорынның ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

10. Кәсіпорын қызметкерлерінің еңбекақысы

49. Кәсіпорынның еңбекақы қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органы белгілейді.

50. Кәсіпорын қызметкерлерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

11. Еңбек ұжымымен өзара әрекет

51. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара әрекет Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

52. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

53. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

54. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды басқарушы орган қамтамасыз етеді.

55. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін жергілікті атқарушы орган қайта бөледі.

56. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы облыстық бюджет кірісінің есебіне алынады.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

57. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Қостанай облысы әкімдігінің қаулысымен енгізіледі.

Директордың міндетін атқарушы
Т.А.Ә.

ҚОЛЫ



«Бекітілген»

Басшы

КМҚК «Облыстық көркемөнерпаздардың

халық шығармашылығы мен

кинобейнеқор орталығы»

Калкаев Д.Е.

2020 ж



Жарғыға

енгізілген түзетулер мәтіні

КМҚК «Облыстық көркемөнерпаздардың

халық шығармашылығы мен кинобейнеқор орталығы»

Қостанай облысы әкімінің 22.06.2020 жылғы № 215 қаулысының негізінде келесі өзгеріс енгізілсін:

Жарғының 7 тармағы келесі редакцияда жазылсын:

«7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Лермонтов көшесі, 15».

Басшы

Д.Калкаев



**«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН «ЖИМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ФИЛИАЛЫНЫҢ ҚОСТАНАЙ ҚАЛАЛЫҚ
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР**

2020 ж. « 24 » 07

БСН 490340002744

№ 1065-1937-ИД-01-МК

Бастапқы тіркелген күні

2009 ж. « 18 » 03



«Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясының қосымша филиалының жер кадастры бөлімі
Бойынша филиалының Қостанай қалалық тіркелу және жер кадастры бөлімі

НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ БЕКІТІЛГЕН

Барлығы 2 ПАРАҚ

2020 ж. « 24 » 07



Скредшено печатью на 2 листах.